

ХАТТАМА №1

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша жиналыс

19.02.2026 жыл

Балпық би ауылы

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Көксу аудандық орталық аураханасы» комплаенс қызметі семинар кеңес өткізді;

Қатысқандар: медицина қызметкерлері
Комплаенс-офицер Нұржігітова С.Б.

Қатысқандар:

Аурухана директоры – Сырымов Ж.М.

Директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасры – Зунунов А.Я.

Кадр бөлімі – Сейтбекова А.Е.

Медицина қызметкерлері

Күн тәртібі:

1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтау туралы.

2. ШЖҚ «Көксу аудандық орталық ауруханасы» МКК-да сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы.

Бірінші мәселе бойынша баяндамашы Комплаенс-офицер Нұржігітова С.Б. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының негізгі талаптарына тоқталып, мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор қызметкерлеріне қойылатын шектеулер мен міндеттерді түсіндірді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу, болдырмау және жауапкершілік мәселелері кеңінен айтылды.

Екінші мәселе бойынша Директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасры – Зунунов А.Я. ауруханада сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Атап айтқанда:

- ақпараттық-түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізіледі;
- «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбындағы стендтер мен баннерлер орналастырылған;
- пациенттер үшін сенім жәшіктері қойылған;
- аурухана сайтында тиісті ақпараттар жарияланып отырады.

Жиналыс барысында қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша ұсыныстар айтылды.

Атап айтқанда:

- бақылауды күшейту;
- ашықтықты қамтамасыз ету;
- пациенттермен кері байланысты арттыру.

Комплаенс-офицер Нұржігітова С.Б.

